

Қошқарбаев Ерболат ТАРИХ ФИЛОСОФИЯСЫН түсінуге арналған материалдар

Өткеннің бәрі тарих қатпарында қалды, қазіргі сәт те, келешек те тарихқа айналатынын ұмытпа...



ТАРИХ ФИЛОСОФИЯСЫ



- 1. Тарихтың мәні, түсінігі, анықтамасы, түрлері, мазмұны, салалары.
- 2. Тарих және хроника, тарихтың қайнар-көздері, жалпы сипаттамасы
- 3. Тарих философиясының пәні, жалпы сипаттамасы
- 4. Тарих философиясының типологиялары
- 5. Тарих философиясындағы ойшылдардың көзқарастары.
- Аға оқытушы Қошқарбаев Е.Е.

Дереккөздер:

- Силлабустағыдан бөлек қосымша дереккөздер:
- Раймонд Арон. Тарих философиясына кіріспе (Аударған Б. Сатершинов):http://www.elarna.net/m/kitap_kk.php?id=1331&oku=8446
- Бегдаулетова Қ.Д. Қазақ тарих философиясы қалыптасуының мәдени-өркениеттік үрдістері (автореферат) -. Алматы, 2007.
- Ивин А.А. Философия истории: Учебное пособие. - М.: Гардарики, 2000.
- <https://aikyn.kz/264511/k-azak--tarihin-zertteude-uak-yt-pen-ken-istikke-baylanbauymyz-k-azhet---erbolat-k-oshk-arbaev>
- https://www.youtube.com/watch?v=sq6os4TcejE&ab_channel=%D0%95%D1%80%D0%B1%D0%BE%D0%BB%D0%B0%D1%82%D0%9A%D0%BE%D1%88%D0%BA%D0%B0%D1%80%D0%B1%D0%B0%D0%B5%D0%B2

Тарих



- Тарих – өткен күндер.
- Тарих – хроника.
- Тарих – бұл естеліктер.
- Тарих – жадынама, жылнама, шежіре, тарих – мезгілінде жазылған хаттама.
- Тарих – жәдігер, асыл мұра, қазына. Тарих – мирас.
- Тарих – бұл артта қалған адырлар, сағымға сіңген құба жондар.
- Тарих – артта қалған жол, жүріп өткен сүрлеуіміз, соқпағымыз.
- Тарих – біз білмейтін сырды жасырып тұрған ну орман.
- Тарих – заманалар куәсі ақсақал қарт, тамыры терең кәрі емен.
- Тарих – қойнауы көмбені жасырған төбелер, қорғандар мен қорымдар.



Тарих

- Тарих – бұл өзара байланысқан **оқиғалар тізбегі**.
- Тарих **өткен шақ** туралы **универсалды білім типі**.
- Ең алғашқы тарих жазбасының өзі «бұрын», «баяғыда» деген сөздермен басталған.
- Тарих – бұл **халық зердесі**. Өткенді түзету де, ауыстыру да мүмкін емес. **Тарих қалай болды, солай жазылып қалды**. Өткенге қарап өкінгенше болашақта ұрпақтар өкінбейтіндей тарихты жасау қажет.
- Тарих болып өткен, **бояуы** сіңген, **маймен, сиямен, көз жасымен** не **қанмен** жазылған оқиға. Оны түзете алмаймыз, қайта өзгертіп жаза да алмаймыз.





Тарихтың мәні

- Кешегі тарих кез келген рухани акт секілді уақыттан **тыс болса**, тарихқа айналайын деп тұрған қазіргі сәт әзірге ғана уақытпен байланысты. Бұл байланыс хронологиялық емес, **идеалды**.
- Тарихты әңгімелерден құрастырмайды, **құжаттардың** негізінде жазады. Нақты құжаттары жоқ тарих туралы айту тіршілікте болмаған әлдебір зат туралы айтқанмен бірдей. **Құжаттармен байланысы жоқ тарих сенімсіз тарих**. Мұндай қызыл сөзден құралған әңгіме тарих емес. Ол ақиқаттан ажыраған, сондықтан мағынасыз, бос.
- **Халықсыз – тарих, тарихсыз - халық жоқ**. Халқымыз үлкен бәйтерек болса, бәйтерек тамыры – тарих.

Тарихтың мәні



- Тарихи **зерделеу арқылы** тарихи сана, мәдениет, дәстүр, ұрпақтар сабақтастығы қалыптасады.
- Тарих болып жатқан оқиғаларды жан-жақты әрі тереңінен көре білу қасиетін дамытады және болашаққа дұрыс қадам жасауға жәрдемдеседі.
- **1723-1789 жылдары 40 мың кітап** баспадан шықса, оның **3370-і** тарихи еңбек болды. Сондай-ақ, тарихи сөздіктер үлкен сұранысқа ие болып отырды. Мысалы, 8 томнан тұратын **Л. Мореридің «Үлкен тарихи сөздігі»** ХҮІІ-ХҮІІІ ғ.ғ. **18 мәрте** баспадан шықты. Әр дәуірде де тарихқа деген назар қандай болғаны осы мысалдан ақ көрінеді.

Тарихтың ғылым екендігі



- Тарих— адамзат баласының өткенін зерттейтін үздіксіз даму үстіндегі қоғамдық ғылым. Яғни, адамдардың басынан өткен жағдайларын баяндайтын ғылым.
- Тарих бұл адам қоғамының өткені мен осы уақыты туралы, нақты формадағы, кеңістік-уақыттық өлшемдегі қоғам өмірі дамуының заңдылықтары туралы ғылым.
- Тарих - бұл өткен дәуірлер туралы білімдер жинағы ғана емес, сонымен қатар қазіргі әлемде өз жағдайын айқын ұғынуға, өзінің азаматтық ұстанымын дұрыс анықтауға, орын алған құбылыстар мен оқиғаларға өз көзқарасын білдіруге және олардың маңызы мен бағытын терең ашуға мүмкіндік беретін тарихи ойлау болып табылады.
- Тарих – тарихи білімнің жеке салаларынан: экономикалық, саяси, әлеуметтік, азаматтық, әскери, мемлекет пен құқық, дін т.с.с.қалыптасатын іргелі ғылым.

Тарихты кім жасайды?



- Тарихта барлығы қамтылмайды. Негізінен **драмалық**, **трагедиялық сәттер**, **соғыстар**, **жеңістер** мен **жеңілістер** - **мән берілгендер** ғана қамтылады. Қалғандары **қалтарыста қалады**, егер **жарқын сәттер**, **деректер** болмаса **ұмытылады**.
- Тарихты **зерттеушілер**, мысалы Геродот, Гердер, Фукидид, Сыма Цянь, Е.Бекмаханов, М.Қозыбаевтар, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Ә.Марғұлан атындағы Археология институттары болса, ал **халық**, **тұлға** және **билік** тарихты **жасаушылар**.
- Тарих оқиғалар мен фактілердің шынайылығы анықталуының **растамасы**.

Тарих сөзінің мәні

- Сонымен тарих адамзат баласының **өткенін** зерттейтін **ғылым** болса, оның негізгі **кейіпкері** ол - **адам**. Тарих адамдардың қалай өмір сүргенін, пайда болғанын, түрлі ұлттардың тұрмыс-тіршілігін, сонымен қоса сол кездерде қандай **оқиғалар** болғанын, олардың **себебі** мен **салдарын** зерттейді.
- Тарих **бір жағынан** әңгіме, өмірде «шын» болған ерекше оқиғаны әңгімелеу ретінде түсінілсе, **екінші жағынан** ол сол болған оқиғаны зерттейтін, растайтын, ондағы оқиғалар мен мәліметтерді негіздеп көрсететін, дәлелдейтін – **ғылым**.
- Тарих сөзі
- 1) көне грек тілінде – ἱστορία, яғни, **сұрастыру, зерттеу** мағынасын берсе,
- 2) араб тілінде бастапқыда «**уақытты анықтау**», кейіннен «**оқиғалар тізбегі**» деген мағыналарды білдірген.
- Көне рим тарихнамасында бұл сөз тану мақсатында емес, әңгімелеу мақсатында қолданылған. Кейіннен тарих деп барлық **оқиға, факт**, ойдан құрастырылған **әңгіме**лерді айта бастады.

Исламдағы тарихтың түсінілуі

- Исламда да тарих ғылымдағыдай тілдік терминологияда уақыттың белгілі болуы деген мағынаға саяды. Мысалы, Е.Есқожа: «тарих - теориялық, әрі гуманитарлы ғылым. Бұл сала дәуірлер қойнауында болып өткен оқиғалардың дәл, әрі қай уақытта орын алғандығын, оның анық-қанығын, сондай-ақ, ол оқиғаларды түсіну мен олардың себеп-салдарын зерттейді» деп көрсете отырып тарихшы ислам ғалымдарының анықтамаларын келтіреді. Көрсеткен мәліметтеріне сәйкес:
- Жәуһари атты ғалым тарихты «уақытты білу» деп түсіндіреді.
- Тарих сөзінің түп тамыры «мәһ руз» деген сөзден туындайды деушілер де бар. Бұл жердегі «мәһ» сөзі «ай» деген мағынаны, «руз» сөзі «күн» дегенді білдіреді. Ал, кейбір ғалымдардың пікірінше тарих сөзі ай деген мағынаны білдіретін, ассириялықтарға тән сөз екен.

Исламдағы тарихтың түсінілуі

- Солтүстік Африкада өмір сүрген әйгілі тарихшы **Абдуррахман ибн Халдун** тарихқа: «Тарих ғылымын жалпы алар болсақ, аттай желіп өткен ғасырлар мен сынаптай сырғыған күндер жайлы **баяндайтын**, атағы алыстарға жеткен, бес үйден басталып бес құрлықты билеуге дейін барған, сөйте тұра, күні жетіп, шөгіп біткен мемлекеттер туралы **баяндайтын ақпараттар** ... тарих – жер шарында орын алған **оқиғалардың себебі мен олардың қалай жүзеге асқандығы жайлы зерттейтін тұңғыық ілім**. Сол себепті тарих – **абыз**, қойыны толы **хикмет**, **қадірлі әрі құрметті** ғылым. Талмай оқып, телміре зерттеуге тұрарлық **теңіздей терең сала**», - деп анықтама береді.

Исламдағы тарихтың түсінілуі

- Мысырлық тарихшылардың шейхы **Мақризиді** атты ғалым болса, «Тарих – аты айтып тұрғандай өткен замандарда болып-біткен **оқиғалар туралы хабарлар**» деп түсіндірсе, **Мұхаммад ибн Абдуррахман әс Сахауиді** тарихқа былай деп анықтама береді: «Тарих – **жағдайлар мен нақты оқиғалар** орын алған уақыттарды білумен қатар, риуаятшылар мен имамдардың туылған **уақыттарын**, өмір сүрген және дүниеден өткен **кезеңдерін**, әртүрлі сапарлары мен қажылық жасаған сәттерін анықтау ... - дей келе: «Қысқаша айтқанда, тарих дегеніміз **соғыстар** мен **шайқастардың дәл уақыты** мен **кезеңдері** жайлы зерттейтін ғылым. Былайша айтқанда, **әлемде орын алған оқиғаларды зерттейтін сала**», деген анықтама береді.

Тарихты оқып-білу не үшін қажет?

- Өз тарихымызды, өзге халықтар мен мемлекеттердің тарихын оқып үйрену біз үшін **бұрынғы ата-бабаларымыз қандай болғанын**, ал қазір қандай екенімізді және неге осындай болып қалғанымызды біліп, жан-жақты **саралау** үшін қажет.
- Біз тарихымыз арқылы өте маңызды оқиғаларды **есте сақтаймыз**. Туған жер, ата-бабаларымыздың батырлық, ерлік дәстүрі, тыныс-тіршіліктерін тарихтан оқып білеміз. **Өнеге алып**, болашағымызды болжаймыз, **қателіктерін қайталамауға тырысамыз**. Сонымен бірге адам баласының бүкіл тарихына ой жүгіртеміз, халқымыздың әлем тарихында алатын өзіндік орнын, атқаратын қызметін сезінеміз.


Тарих түрлері, мазмұны

- **Тарих** объектіні зерттеу бойынша кеңістік жағынан:
- әлем тарихы (дүниежүзілік немесе жалпы тарих),
- континенттер тарихы (мысалы, Азия және Африка тарихы),
- жеке елдердің, халықтардың немесе халық топтарының тарихы (мысалы, Қазақстан тарихы) **болып бөлінеді.**
- **Тарихтың мазмұны** - бұл адам өмір сипатында көрінетін **тарихи процесс**, тарихи ескерткіштер мен деректерде сақталған **мәліметтер**. Бұл құбылыстар әртүрлі, яғни шаруашылықтың дамуына, елдің ішкі және сыртқы қоғамдық өміріне, халықаралық қатынастарына, тарихи тұлғалардың қызметіне қатысты болып келеді.

Тарихтың салалары:

- Тарих салалары сала болумен бір мезгілде тарихқа қосымша пәндер болып та табылады. Олар мыналар:
- **Археология** - тарих ғылымының белгілі уақыттағы және кеңістіктегі адамзат қоғамы дамуының заңдылықтары мен негізгі кезеңдерін зерттейтін саласы. Археология адамның өмірі мен тіршілігі туралы заттай деректерге сүйеніп зерттейтін ғылым саласы. Археология атауы түркінің *арғы* және гректің *логос*-ғылым деген сөздерінен тұрады. **Археология – тарихтың айнасы.** Ежелгі дәуірдің заттай деректерін - еңбек құралы, үй жиһаздары, әшекей заттар, қоныстар, молалар т.б. зерттеп, дәлелдермен қамтамасыз етеді.
- **ЕҢБЕК ҚҰРАЛДАРЫ** мен жасалған заттардың ерекшелігіне қарай археологтар адамзат дамуын мынадай дәуірге бөледі:
 - Тас дәуірі
 - Қола дәуірі
 - Темір дәуірі

Тарихтың салалары:

- **Археография** – тарихи актілер мен құжаттарды, қолжазба деректерді жинаудың, сипаттаудың және жариялаудың теориясы мен тәжірибесі жөніндегі ғылым саласы.
- **Геральдика** – гербтерді зерттейтін тарих ғылымының бір саласы
- **Бонистика** - қағаз ақша белгілері мен боғаларды тарихи құжаттар ретінде зерделейтін тарихи пән.
- **Палеография** – жазу тарихын, оның кескіндік формаларының даму заңдылықтарын зерттеумен, сондай-ақ ежелгі жазба ескерткіштерді оқу, олардың авторларын, уақытын, жерін анықтаумен айналысатын тарихи-филологиялық арнайы пән.
- Бұл аталғандар тарихи ғылымдар. Барлығы жүйелі түрде халықтардың тұрмыс-салтын, жалпы болмысын зерттейді. Бұлардың қатарына тарихи ғана емес әр ғылым түйісіндегі кешендік ғылымдар болып табылатын: **этнография**, **тарихи география**, **нумизматика**, **демография**, **шежіретану**, **деректану**, **тарихнама**, **антропология** т.б. қосамыз.
- Келесі слайдты қарайық 

Тарихтың салалары:

Тарихи деректерді нақтылау үшін адамның шығу тегін, дамуын зерттейтін ғылым - **антропология**ға жүгінеміз. Адамның бет пішіні, түр-түсі, бойы, сыртқы биологиялық қасиеттерін де антропология зерттейді. Адамның шығу тегін зерттейтін ғылым **генеология** деп аталады.

Ру, тайпа аттарынан бастап, өздеріне дейінгі ата-бабалары туралы мәліметтерді жинау **ШЕЖІРЕ** деп аталады. «Шежіре» сөзі – есте сақтау, жадыдағы білім, рухани қазына дегенді білдіреді. Тарих пен шежіре – ұлтжанды азаматтарды тәрбиелеп өсіреді.

Этнография: этнос-тайпа, графо-жазамын деген грек сөзінен құралған.

- **Этнография** – бұл халықтардың әдет-ғұрпын, салт-санасының дамуын, ерекшеліктерін зерттейтін ғылым.

Этностың мысалы

- Сақтардың әлем туралы түсінігі.
ЖОҒАРҒЫ - АСПАН ӘЛЕМІ
ОРТАҢҒЫ - ЖЕР ӘЛЕМІ
ТӨМЕНГІ-ЖЕРАСТЫ ӘЛЕМІ.
- Геродот, скифтердің пайда болуы, олардың Азиядан келіп, киммериялықтардың жерін басып алғандығы туралы құнды мәліметтер жазған.
- Сақтан кейін тарих сахнасына шыққан **түркілер күнді** ерекше құрмет тұтқан. Күннің бейнесін тастарға қашап салып кеткен. Бұдан бөлек халық жадында ертедегі адамдардың жер, аспан құбылыстары туралы түрлі түсініктері, ертегілері мен аңыздары қалыптасқан. Тек түркі халықтарында ғана АСАР, яғни бір-біріне ақысыз көмек көрсету дәстүрі болған. Бұл мысал тарихи тұрғыдағы бір этностың сипаттамасын көрсету үшін ғана алынып отыр. Сондықтан, бұл презентацияда Ақсақ Темір, Шыңғыс Хан сияқты тұлғалардың құралған **тарихтың өзін емес, тарихтың не екенін** қарастырмақпыз.

Этнография

- **ҰЛТ**-деп шаруашылығы, тілі, қоныстанған жері, мәдениеті мен тұрмысы ортақ адамдардың тарихы қалыптасқан елді айтады. Этнограф **Л.Морган** адамзат тарихын **ТАҒЫЛЫҚ, ВАРВАРЛЫҚ, ӨРКЕНИЕТТІК** деп бөледі. Жер шарын мекендейтін халықтар мен ұлттар өздерінің сыртқы түрінің ерекшеліктеріне қарай негізі 3 топқа бөлінеді:
 - 1.Негроитар
 - 2.Монголоидтар
 - 3.ЕуропеоидтарЭТНИКА ұғымы ХАЛЫҚ ұғымымен өте жақын, бірақ екеуі бір емес.

Циклдық теориясы

- Мифологиялық көзқарас бойынша тарихтың басы мен аяғы болуы мүмкін емес, ондағы тарихтың жолы **дөңгелек** секілді өзінің орнына қайта оралып келеді. Сондықтан көне шығыс пен көне грек философиясында адамзат тарихы жалпы табиғат тарихынан бөлінбеген болатын. Тіпті адамның өзі космостың, яғни барлық универсумның бөлшегі ретінде қарастырылған. Тарихтың өзінде ешбір өзгеріс байқалмайтын сияқты. Мысалға **Гесиодтың** ұсынған концепциясын келтірсек, ондағы тарихи кезеңдер регресті түрде, яғни кері дамыған деп көрсеткен.

Тарих және хроника

- Өмір әрқашанда бүгінгі күн, ал тарихи әңгіме — келмеске кеткен, дәл осы сәттің айқындылығын жоғалтқан өткен күн. **Жеке және дербес деректер** хрониканың еншісіне бөлініп, тарихқа **халықтық және көпке ортақ деректер** қалдырылады.
- **Тарихқа** аса маңызды **оқиғалар** туралы есте қалған деректер, ал **хроникаға** сол **оқиғалардың уақыты** не болмашы мәліметтер тіркелді.
- **Тарих оқиғалардың тереңіне бойласа**, ал **хроника оның үстіңгі қабатында** сол оқиғаны меңзеуші ролінде болады. Хроника мен тарих тарихтың ажырамас екі формасы.

Тарих және хроника

- **Тарих** **жанды тарих**, **хроника** **өлі тарих**. Осы заманғы тарих бар, өткен тарих ретіндегі хроника бар. Кез келген тарихты ойластыруды доғарса немесе дерексіз талқылауларда еске алса, ол хроникаға айналады.
- Жанды құжаттардан ажырап хроникаға айналған тарих өзінің рухани ерекшелігін жоғалтады, одан тек таңбалар мен дыбыстар жиынтығы ғана қалады. Сондай-ақ өмірден алыстаған құжат та тек таңбалардың жиынтығы болып қалады.
- Бірақ **Марио Витторино** керісінше ойлар айтқан: «**Әуелі Хроника, сосын Тарих**» («**Primo Annales fuere, post Historial factaesant**» деп айтқан).


Тарих қайнар-көздері

- **Құжат** пен **сын**, **өмір** мен **ойлау** тарихтың нағыз **қайнар көздері**, яғни тарихи жинақтаудың екі бөлшегі. Тарихтың арғы бетінде хроника болмайтыны сияқты, **тарихтан тыс деректер де болмайды. Деректер** мен хроника тарихтың алдында жүрмейді, оның ізінен ереді. Адамзат **рухы** тарихтың өткінші қалдықтарын, мағынасыз хроникаларды сақтайды, өткен өмір белгілерін, құжаттарды жинап оларды қалпына келтірмекке ұмтылады. Молалар мен сағаналарды бос қиял жемісі дегеннен гөрі, адам аяқтаған істің өлмейтіндігін көрсететін, біздің өткен мен болашақ туралы жадымызды бейнелейтін адамдық әрекет деуге келеді.

Тарих қайнар-көздері

- Рим және грек қабырлары еуропалық қайта жаңғыру рухы оларға назар аудармайынша ешкімді қызықтырған жоқ. Еуропалық рухтың жаңа кезеңіндегі романтизм мен қайта қалпына келтірушілердің өкілдерінің оларға көңілі ауғанға дейін өркениеттер қалғумен болды. Біз үшін бүгінде тарихтың көп бөлігі хроника, көптеген құжаттар үнсіз, бірақ өмірлік маңызы бар күштер әсерінен күндердің күнінде басты орынға шығады. Мұндай жанданулардың ішкі себептері де жоқ емес, өйткені бірдей екі құжат болмайды. Бірақ тарих біздің өз ішімізде жатыр, оның бастауы — жүрегімізде. Нақты нәрсені шындыққа айналдырушы көрік басқа жерде емес, біздің көкірегімізде жатыр. Демек, тарихтың өзі ғана емес филология да философия да, басқа сала да күш біріктіре отырып, тарихты жасайды.

Тарих философиясы



Тарих философиясының жалпы мәні

- Тарих ғылымының іргетасы – бәрімізге белгілі тарих ғылымы, тарих пәні ғана емес, тарих философиясы болып табылады. Тарих философиясының **зерттеу объектісі** - тарихи процестердің бағытталғандығы мен кері айналмайтындығын танып-білу. Әр түрлі заман философтары тарихтың мәні туралы ойларын қалдырған. «Қоғам прогресі», прогрестің өлшемі т.б. түсініктерді қалыптастырған.
- Қоғам дамуы концепцияларының ішінде оның екі концепциясы, яғни **формациялық** және **өркениеттік** концепциялар кеңінен таралған.
- **К.Маркс** қоғамдық-экономикалық формация теориясында басты назарды: **еңбек өнімділігі** мен **өндіріс құралдары** прогресіне, қоғамдық-экономикалық формацияның қозғаушы күші ретіндегі мәніне аударады.
- Тарихи дамудың өркениеттік концепциялары: **О.Шпенглер**, **А.Тойнби**, **П.Сорокин** секілді ғалымдар есімімен тығыз байланысты. Бұлар тарихты **сызықтық** процесс деп түсінушілікке қарсы шыққан тұлғалар. Тарихи дамудың қазіргі концепциялары: қоғамдардың көптүрлілігін, қоғамдық өзгерістердің **сызықтық емес** процестерін басты назарға алады.

Тарих философиясының пәні:

- Тарих философиясының **пәні** – **тарихи процестің** мағынасы мен жалпылама мазмұны, оның жалпылама заңдылықтары, тарихи зерттеудің методологиясы.
- **Гартман**: **әдіснамасыз да жақсы тарих жасауға болады**, бірақ тарихшы жақсы болу керек дейді.
- **Марк Блок**: «**Мәселе Иса пайғамбардың өліп, қайта тірілгенінде емес, мәселе миллиондаған халықтың соған сенуінде**» деген. Бұл жерден тарихта және тарих философиясында тұлғалардың ролі зор болғанын байқаймыз.
- «Тарих философиясы» терминін **XVIII ғасырда 1765 жылы** жарияланған «Тарих философиясы» еңбегінде **Ф.М. Вольтер** енгізді. Тарих философиясын **Г. Гегель** «Тарих философиясы бойынша дәрістер» деген еңбегінде одан сайын нақтылай түседі. Еңбектерін тізіп көрсетпесек те әу бастағы Гегельдің шәкірті **К.Маркстің бүкіл философиясы ең алдымен тарих философиясы болып табылады. Маркс тарихи процесті диалектикалық әдіс** арқылы шешуге тырысқан. Оның ілімі **диалектикалық материализм** деп аталған. Тарихты қарастырған кезде ол бес тарихи әрі экономикалық формацияларды ұсынған болатын. Яғни Маркстің ойы Гегельдікіндей абсолюттік рух емес, адамзаттық тарих болды. Әлбетте, тарихи-философиялық ойлар көне заманнан-ақ туындай бастаған.

Тарих философиясының пәні

- **Тарих философиясы** адамзаттың тарихи дамуының неғұрлым іргелі заңдары мен принциптерін зерделеуге арналған.
- **Маңызды мәселелері:** тарихтың мағынасы мен мәні, тарихи үдерістердің қозғаушы күштері мен тетіктері, әлеуметтік прогресс пен оның критерийлері, адамзат тарихының бірлігі мен саналуандығы.
- **Тарих философиясы** өтіп жатқан оқиғалардың мәнін оларды өткен заман оқиғаларымен қатар қойып салыстыра отырып ашуға және осы негізде жақын болашақты болжауға **ұмтылады**.

Әдістері

- Тарих проблемасын түсіндіруде екі әдіс қалыптасқан:
- **Біріншісі**, адам ұғымын қоғамның жалпы сипаттамаларынан шығаруға, оның мәнін «**барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы**» ретінде түсінуге байланысты (**К.Маркс**). Бұл ретте тарихтың барысы мен оның мағынасы «**әркімнің еркін дамуы – баршаның еркін дамуының шарты**» деген заңдылыққа сүйенеді. **Адам өмірінің мәні** болашаққа қызмет етуден және **қарсыластарымен күрестен** көрінеді.
- **Екінші** тәсіл, қоғам өмірінің мағынасын жеке адам өмірінің мағынасынан, оның **қасиеттері** мен **сапаларынан** «шығаруға» ұмтылады. Бұл ретте қандай да бір дәл белгіленген мақсаттарға қол жеткізуге емес, тағдырдың барлық бұрылыстары кезінде «**өз бақшаңды өсіруге**» ұмтылу қажет етіледі (**Вольтер**). **Адам және оның қазіргі тарихы** – біздің тіршілік етуімізге мағына беретін **қоғамның** шынайы және бірден бір **мақсаты**, деген тезис басым.

Тарих философиясының типологиялары:

- Тарих философиясының бірнеше типологиялары бар.
- Біріншісі онтологиялық типология.
- Бұны кей кезде, материалдық, субстанционалдық тарих философиясы кей жағдайда историясофия (тарихисофия) деп те атайды.
- Екінші типті сыни, рефлексивтік немесе аналитикалық тарих философиясы деп атайды.

Тарих философиясының типологиялары:

- **Онтологиялық тарих философиясы** тарихи процесті ерекше онтологиялық шындық ретінде, болмыстың бір деңгейі ретінде және адам өмір сүруінің негізгі мәні мен контексті ретінде зерттеуді және ұғынуды маңызды деп санайды. Онтологиялық тарих философиясының негізгі міндеттері:
 - 1) тарихи үдерістің мәні мен мазмұнын, архитектуроникасын, қозғаушы күштерін және басты заңдылықтарын ұғыну;
 - 2) тарихи үдерісті жіктеу және кезеңдерге бөлу, тарихи кеңістік пен уақыттың ерекшелігін зерттеу;
 - 3) тарихтың мақсаты, мағынасы және міндетінің бар немесе жоқ екендігі айқындау, тарихи үдерістегі прогресс пен регрестің арақатынасын анықтау.

Тарих философиясының типологиялары:

- Рефлексиялық тарих философиясы тарихтың танымдық ерекшелігін түсінумен айналысады. Негізгі міндеттері мыналар:
- 1) тарихи зерттеудің ерекшелігі мен шектерін айқындау, оның концептуалдық аппараты мен методологиясын анықтау;
- 2) тарихи танымдағы түсіндіру мен ұғынудың арақатынасын, ондағы құндылық пайымдауларының рөлін және объективтік тарихи таным мен білімнің мүмкіндіктерін белгілеу;
- 3) тарихи детерминизм мен тарихты жасайтын адамдардың ерік-жігерінің арақатынасын анықтау.

Тарих философиясының типологиялары:

- Онтологиялық, рефлексивтік типтерден бөлек тарихи процестің қозғаушы күштерін түсіндіруге қатысты басқа да жүйелер қалыптасқан:
- 1) Тарихтың қозғаушы күші **Құдайдың шешімі** деп есептейтін **теологиялық тарих философиясы**;
- 2) тарихтың қозғаушы күші **транценденттік заңдылық** не **тағдыр** деп көрсететін **метафизикалық тарих философиясы**;
- 3) тарихтың қозғаушы күші **идеялар** не адамның **рухани өмірі** деп есептейтін, **идеалистік тарих философиясы**.

Тарих философиясының мәселелері:

- ❖ тарихтың мәні мен бағытталуы
- ❖ қоғамды типологияландырудың әдістемесі тәсілдері
- ❖ тарихты кезеңдерге бөлудің критерийлері
- ❖ тарихи процесс ілгерілеуінің критерийлері және т.б.

Тарих философиясының детерминациясы


- Тарих философиясына берілген анықтамалар өте көп. Олар тіпті бір біріне қарама-қайшы не аспектілі-фрагментарлық сипатта. Дегенмен анықтамалардың басым бөлігінің мәні мына төмендегі тұжырымдармен шарттас:
 - **Тарих философиясы** тарихи процесті тұтасымен **түсінуге** және тарихи танымның әдістемелік мәселелерін **талдауға** бағытталған философиялық білім құрамындағы бағыт.
 - **Тарих философиясы** тарихи **шындықты**, тарихтың **мәні** мен **мақсатын**, тарихтың негізгі **қозғаушы күштері** мен олардың **төңіріктерін**, тарихи **қажеттілік** пен адам **еркіндігінің арақатынасын**, тарихтың **бірлігі** мен алуан **түрлілігін**, т.б. қарастыратын ілім.

Тарихи процесті түсіну тәсілдері:

Антикада алтын ғасырдан – күміс ғасырға, одан темір ғасырға түсіп, **өркениет дамыған сайын мәдениет тоқырап, қоғам азады** деген түсінік болған. Топан су бәрін жайпайды, тарих бірде сөніп, бірде лапылдап жанатын «мәңгілік от» деген түсініктер тарих тамырының соғуы идеясы, «айналым теориясын» туындатты. Кейін бұл теорияны қолданғандар: Аристотель, Д.Вико, Н.Я. Данилевский, О. Шпенглер, Г. А. Сорокин, А. Тойнбилер болды.

Кейін тарихты **бірізді дамумен** қарайтындар шықты (Кондорсе, Тюрго, И.Кант, Гегель, К.Маркс).

Тарих Христостың келуімен басталып – қиямет күнімен аяқталады, - деген тұжырым да маңыздылардың қатарынан саналады.



Тарихи процесті түсіну тәсілдері:

Қазіргі кезде тарихи процесті ұғынудың **формациялық** және **өркениеттік** тәсілдері неғұрлым көп таралған. «Формация» термині геологиядан алынған, онда бұл терминмен белгілі кезеңдегі геологиялық шөгінділердің қабатталуы аталады. Формациялар туралы философиялық ілім **1845-1846 жылдары** аралығында Ф.Энгельспен бірлесе жазылған, марксизмнің қалыптасу кезеңіне жататын аса елеулі шығарма болып табылатын «Неміс идеологиясынан» бастау алады. «Неміс идеологиясының» авторлары **өндірістік күштер – өндірістік қатынастар – саяси құрылым – қоғамдық сана** формаларын қамтитын қоғамдық құрылымды бөліп көрсетеді. Мұнда сондай-ақ, тарихи процестің кезеңделуі де беріледі. Адамдар қоғамының тарихи дамуының негізгі кезеңдері – бұл **жеке меншіктің кезекпен бірін-бірі ауыстырып тұратын басым формалары:**

- 1) тайпалық, 2) антикалық, 3) феодалдық, 4) буржуазиялық,
- 5) жалпыға ортақ меншіктің болашақ коммунистік формасы.

Тарихи процесті түсіну тәсілдері:

- **Қоғам дамуының тарихи процесі** үнемі философиялық-тарихи оймен бірге қатар жүрген. Ежелгі Қытай (**Сыма Цян**), Антика (**Полибий**), ортағасырлар (**Августин**) өкілдерінің жұмыстарынан көрінеді.
- Тарих философиясының классикалық формалары XVIII-XIX ғасырдың бірінші жартысындағы еуропалық философияда пайда болды. «Тарих философиясы» терминін жоғарыда айтқанымыздай ең алғаш **Вольтер** енгізген. Ағартушылық қайраткерлері **Тюрго**, **Кондорсе** **тарихтың мәні** ретінде **прогресс** тұжырымдамасын жасады. **Гердер** бүкіл адамзаттың тарихи дамуының **біртұтастығын** дәлелдейтін әлемдік тарихты **біртұтас процесс** ретінде түсіндіруге тырысты.
- **Гегель** тұжырымдамасы тарихи процесті провиденциалды рационалдылық ретінде көрсетеді. Сыртқы хаос пен ақылсыздықтың артында жасырылған тарихтың ақылдылығы тек философиялық көзқарас арқылы ашылады. Тарих туралы **Гегель** тұжырымдамасы кейінірек XIX ғасырдың ортасында сын тақырыбына айналды.

Геродот, Сыма Цянь, Рашид ад-Дин

- Тарихты әрқашан **Геродот** есімімен байланыстыра айтамыз. Геродот (**б.д.д. 484-425 жж.**) тарихтың атасы, ежелгі дәуірдегі грек тарихшысы, **жазба тарихтың негізін салушы**. **Геродот** көрген, естіген, оқыған материалдарын жинақтап, артына «Тарих» атты үлкен еңбек жазып, батыс әлеміне «тарихтың атасы» деген атпен белгілі болды. Кейіннен александриялық ғалымдар оның еңбегін тоғыз музаға сәйкестендіріп, **тоғыз кітапқа** бөлген. **Геродот** кітаптарында: Лидия, Мидия мемлекеттері, Ахеменидтер әулеті, олардың Мысырға, Вавилонға, сақтарға қарсы жорықтары, грек-парсы соғысы, парсы патшасы Дарий Гистасптың сақтарға қарсы жорығы секілді көптеген оқиғалар баяндалған. Соғыс пен хронология ғана емес еңбегінде халықтардың этнографисы, діні, әдебиеті, мемлекеттердің ішкі-сыртқы саясаты, экономикасы жайлы мәліметтер берілген.

Геродот, Сыма Цянь, Рашид ад-Дин

- Ал Шығыста тарихтың атасы деп **Сыма Цяньді** (б.д.д. 145-86 жж.) айтады. Ол **130 тараудан тұратын** «Тарихи жазбаларды» («Ши цзи») қалдырды. **Сыма Цянь** б.д.д. 3 мыңжылдықтан бастап, өз заманына дейінгі тарихты жазып шықты.
- Көне замандардан бастап, ортағасырлық моңғол хандықтарына дейінгі тарихты жазып қалдырған тарихшылардың бірі **Рашид ад-Дин** (1247-1318 жж.) болды. Ол кісі «Жами ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы», парсы тілінде) кітабын жазды. Бұл кітап Ұлы дала өркениетінің көшбасшылары **Алаша хан**, **Уыз хан** туралы аңыз-деректерден басталады. Тарихты жазудың құндылығын жекелеген елдерде патшалар мен хандар түсінді. Олар сарай маңында болған оқиғаларды жазатын арнайы адамдарды ұстап отырған. Мұндай адамдарды жылнамашылар деп атаған. Осылай жазбаша тарих дәстүрі қалыптасты.


Фукидид

- Пелопонесс соғысының сипаттамасы болған «Тарих» деген айтулы еңбектің авторы Фукидид (б.д.д. 460-400 жж.). Фукидидті прагматикалық тарихнаманың негізін қалаушы деп айтуға болады. Прагматикалық тарихнама оқиғаларға сипаттама беріп қоюмен ғана шектелмейді, оның себептерін де іздестіреді. Фукидид тарихты құдайлар ғана емес, адамдар жасаған деп сенген. Фукидид бойынша тарихтың міндеті – саяси қайраткерге ақыл үйрету. Прагматикалық тарихнама – ақыл-кеңес тарихнамасы.
- «History is magistra vitae» (тарих – өмірдің дәріскері). Өз еңбегін әскери тарихқа арнай отырып, Фукидид жеңістер мен сәтсіздіктердің себепін анықтауға, тусіндіруге ұмтылады. Ол халық санының басымдылығына, олардың байлық деңгейіне ақша қаражатына, саудасына, теңізде жүзуіне әжептеуір роль береді. Экономикалық факторларға үлкен мән бермесе де, оларға назар аударып, болашақтағы тарихнамалық еңбектерге негіз жасайды. Сондай-ақ, Фукидид соғыстағы теңіз флотының ролі туралы алғаш рет сөз қозғайды.

Полибий Ливий Тацит Марцеллин

- **Полибий** (б.д.д. 200-120 жж.). еңбегі «Жалпы тарих» деп аталады.
- **Тит Ливий** **142 кітаптан тұратын** біртұтас Рим тарихын жазады. Негізгі еңбегі: «Қала салынғаннан бері қарайғы Рим тарихы».
- **Публий Карнелий Тацит** (шамамен 55-120жж.) 96 жылдан бастап тарихты жазған. Негізгі тарихи еңбектері – «Тарих» және «Анналдар». Тацит «sine ira et studio» қағидатын ұстанды. Оның мәні – тарихты ашу-ызасыз және құштарлықсыз жазу.
- **Марцеллин** Тациттің «Тарихын» үлгіге алып, оны 96 жылдан – император **Нерваның** басқаруынан жалғастырды. Императорлардың тарихын көптүрлі шегіністерді, ғылыми экскурсияларды байланыстыра отырып, хронологиялық ретке тізбектеп жазған.
- Тарихи процеске үлес қосқан: **Посейдоний**, **Диодор Сицилийский** секілді көптеген өзге де тұлғалар болған.

Тарих философиясы



- Л. Ренке:
«... тарихи уақиға қалай болса, сол күйінде жазылу керек»

Тарихи процес әрі уақытша, әрі мәңгілік ...

- Алдыңғы слайдта жазылғандарға тағы бір қырынан тоқталар болсақ әр жерден христиандық элементтерді кездестіреміз.
- Христиандық тарих философиясының басты өкілі Аврелий Августин «Құдай қаласы» шығармасындағы ілімінде шындықтың екі түрін көрсетеді:

уақыт пен мәңгілік.

- Тарих әрі уақытша, мерзімді, әрі құдай арқылы мәңгілікке бағынышты. Уақытшалық пен мәңгілік Иса пайғамбар Христостың бейнесі арқылы белгіленген. Бұл тәртіп кейінгі кезеңнің бәрінде жалғасады.
- Қазіргі заманғы тарих ғылымында жиналған нақты материал өте кең және бай болғандықтан тарихи процестің бірыңғай моделін жасау мүмкін емес. Сол себепті алдағы слайдтарда тарих философиясына қатысты ой айтқан өкілдерге тоқталамыз.

Тарих жайындағы ойлар:

- Басқа да әр түрлі, әр тараптағы ойларға тоқталайық:
- **Л. Ренке:** «... тарихи уақиға қалай болса, сол күйінде жазылу керек».
- **Кондорсе:** (тарихтағы прогресс теориясының авторы француз ойшылы): тарихи процесс төмен сатыдан бастап жоғарғы сатыларға көтеріліді, бұл прогрессивтік жоғарылаудың белгісі – ақыл-ойдың дамуы.
- **Маркс пен Энгельс:** «Біз бір ғана ғылымды – тарих ғылымын ғана білеміз».
- **В.Г. Белинский** (Ресей сыншысы әрі публицисі): XIX ғасыр **тарихи ғасыр**. Барлық іс-әрекет тарихи негізде әрі тарихи себептерге байланысты пайда болады.
- **Томас Карлейль:** «Әлем тарихы – бұл ұлы адамдардың өмірбаяны».
- **Геродот:** «Мен өз естігендерімді жеткізуге міндеттімін, алайда барлығына сенуге міндетті емеспін».

Тарихи ойлар мозайкасы

- Тарихты ғылым ретінде тану екіжақты пікірге ұшырады. Оның біріншісі тарих өткенді тану құралы емес дейді. Бұл пікірді жақтайтын М. Блок «Өткен өмірді ғылым нысаны деп тану өрескел ой», – десе, У. Люси: «Тарихты өткенмен бірдей», – деп қарастыруға болмайды дейді. Ал, бұған қарама-қарсы пікірді жақтаушылар «Тарих – адамзатың көптеген ұрпақтары жинаған рухани-адамгершілік, мәдени және әлеуметтік тәжірибесі», – деп қарастырады (Семенникова Л.И.). Ал, белгілі философ, әрі тарихшы Д.Юм тарихнама әлеуметтік ғылымдардың заңдарына көрнекі мысал бола алатын фактілардың қоймасы деп есептеді.

Тарихи ойлар мозайкасы

- XIX ғасырдағы тарихи білімнің қарқынды өсуінен тарих философиясы тарихи ғылымның философиясына айналды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында **неокантиандық** тарих философиясы (**Виндельбанд, Риккерт**) кеңінен қолданылды.
- Тарихи білімді логикалық ұйымдастыру мәселелері тарихтың **аналитикалық философиясында** басты орын алды (**Поппер, К. Хемпель**).
- Ірі тарихи апаттар жағдайында тарихтың мәнін нақтылау қажеттілігі XX ғасырдың бірінші жартысында көрініс тапты. Бұл кезде:
 - **Шпенглердің** «мәдениет морфологиясы»
 - **Ясперстің** «осьтік уақыт» (белдеулік уақыт) түсінігі
 - **Тойнбидің** үлкен тарихи синтезі пайда болды.

Тарихи ойлар динамикасы

- **О. Шпенглер** мәдени-тарихи концепцияны жасаса, **А. Тойнби** локальды өркениеттер теориясын жасайды. Тарихтың топологиялық теориясы жасалады. **Кондорсе** моделіне сәйкес тарихи үдерісті төменгіден жоғарыға қарай дамудың бірыңғай сызығы ретінде қарастыратын, болашақ дамудың жалпы сызықтарын немесе үрдістерін көре білуді көздеген тарих философиясынан **элеуметтік эволюционизм** атты бағыт бөлініп шықты. **Хейден Уайт** жаңа идеялар ұсынады. XX ғ. 80-ші жылдарында жаңа мәдени тарих бағыты пайда болады. **Энтони Гидденстың** реляциялық структуризм методологиясы тарихты ерекше түсіндіреді. Элеуметтіліктің мәдени тарих бағыты және оның өкілі **Роже Шартье** өз теорияларын ұсынады. **М.М. Бахтин** және оның диалогиялық концепциясы тарихи ойларға жаңа сипат береді. **Жак ле Гофф** және оның тарих методологиясын жаңартудың кешенді үш бағыты ұсынылады. Гендерлік тарих туралы ойлар айтыла бастайды. **Джонн Скотт** тарихи ойларын жариялайды. Тарихи өмірбаянның жаңа өмірбаяндық тарихқа алмасуы процесі жүреді. **А. Лавж** пікірлері таралады.


Вольтер

- Мари Франсуа Аруэ Вольтер (1694-1778) тарих ғылымының жаңғыруы, жандануы үшін күрескен. Оның басты идеясы – тарихты ағарту философиясымен біріктіру. Тарихтың міндеті тек факторларды жинақтап, оқиғаларды мазмұндап айту ғана емес, сондай-ақ, барлық материалды ақыл-ой тұрғысынан сыни талдау, «философиялық тарихты» жасау болып табылады.
- А.С.Пушкин Вольтерді «тарихтың қараңғы архивтерінде философияның шырағын алғаш жақты», - деп есептеді. Алдыңғы слайдта айтылғандай Вольтер «тарих философиясы» ұғымын қолданысқа енгізді. «Тарихта математика мен физикадағыдай кеңістік біршама кең». Вольтердің ойынша тарихнаманың заттық саласын, оның жаңаруы мен кең өріс алуына жаңа түсінік қажет. Вольтер тарихты географиялық тұрғыдан қарастырды.

Руссо

- Жан Жак Руссоның жүйесінде тарихи процесс біртұтас, заңды жүйе болып табылады, сондай ақ қоғамдық деңгейлердің пайда болуы мен алмасуы материалдық өмірдің дамуына байланысты деп есептеледі.
- XVIII ғасырда Англияда капитализм шапшаң қарқынмен дамығандығы әсер еткендіктен Руссо адамзат қоғамы алға дамыған сайын ар-ожданын жоғалта береді деп есептеді. Себебі, адам сияқты қоғам да кәрілікке жетеді деп санады. Сондықтан, Руссоның тарихи-әлеуметтанушылық көзқарасына пессимизм тән. Руссо сондай-ақ тарихи процесті, оның теориялық мәселелері мен қайта құрылу жайларын, олардың арасындағы айырмашылықтарды, тарихтағы дәлелдер мен деректер проблемасын жазды.

Дж. Вико

- **Дж. Вико** (1668-1744) 1725ж. «Ұлттың жалпы табиғаты туралы жаңа ғылымды негіздеу» деген алғашқы еңбегінде: **тарихи үдеріс** және **тарихты тану әдістері** туралы ілімі арқылы, сол кездегі: тек **математика** мен **жаратылыстану** ғана **ақиқатты ашады, тарих қосалқы қызмет атқарады** деген тезиске қарсы шықты.
- **Виконың ойынша**, **табиғатты** зерттеу өткенді зерттеуден оңай емес. **Табиғатты** құдай жаратқан, сондықтан, табиғаттың барлық сырын тек сол ғана біледі. Ал, тарих болса, адамзаттың іс-әрекеттерінің жемісі, сондықтан оны зерттеу оңайырақ.
- **Даму** мен **циклдылықты**, дәуірлердің өзара ерекшелігі мен құндылығын, өтпелі дәуір оқиғаларын **сол дәуір логикасы** тұрғысынан түсінуге шақырды. 

Дж. Вико

- **Вико бойынша** өткен заманда және Вико өмір сүріп отырған заманда бірін-бірі алмастыратын мынадай кезеңдер көрсетіледі:
- «**құдайлық**» (мемлекеттердің пайда болуына дейінгі отбасы, жазу, дін, құқық пайда болған кезде),
- «**ерліктік**» (ақсүйектердің билік құрып, олардың плебейлермен күрес жүргізуі) және
- «**адамзаттық**» (ақыл-ой, демократия және қалалардың гүлденуі) **кезеңдері.**

Дж. Вико

- **Вико** осы үш кезең де адамзат тарихы үшін маңызды деп есептеді. Өйткені «адамзаттық» кезеңнің соңында қайтадан **жабайылық басталады**. Бірте-бірте даму арқылы өркениеттер қайтадан «адамзаттық» кезеңге қарай келеді.
- Тарихты зерттеу пәні ретінде бөлек қарастыра отырып **Джамбаттиста Вико**, ұлттардың тарихтары мен арақатынастарын қамти отырып бұл кезеңдестіруде грек мифтерімен үйлестіреді: Бұл жерден **титандар тарихын**, олимпиялық **құдайлар тарихын** және **қаһармандардың тарихын** байқаймыз. Осылайша **Вико** концепциясынан **көне, классикалық және қазіргі** деген тарихтың үш сатысын көреміз. Викодан бастап тарихтың өзі **жеке зерттеу пәні** болып бөлінген. Өзінің еңбегінде **Вико** мифтермен аңыздарға сүйеніп, адамның иррационалдық табиғатын рационалдық жолмен шешуге тырысқан.

И.Г. Гердер

- И.Г. Гердер (1744-1803) әлемді тұтас тірі организм ретінде қарастырған: Адамның барлық объективті мүмкіндіктері (дүниені тану, түсіну, ұғыну т.б.) және одан қисынды туындайтын шығармашылық, жасампаздық іс - әрекеттері нақты тарихи дәуірде, қолайлы жағдайларда ғана іске асырылады. Адамның басқа адамсыз күні жоқ, о бастан – ақ ол өз болмысын басқаларсыз қарастырмаған...
- Гердердің арқасында тарих философиясына «өзгеріс» атты ұғым енгізілген. Гердердің пікірінше тарихтың өзі қайталанбас, мерзімді әрі орынды оқиғаларға толы.

И.Г. Гердер

- Гердер әлем халықтарының біртұтас бейнесін жасауға ұмтылды. Гердер концепциясына сәйкес әр халықтың өзінің дербес мәдениеті, құндылықтар жүйесі бар. Гердер шығармаларында Ағарту дәуірінің жазылмаған заңы – европоцентризм қайта қаралып, ол – өркөкіректік, европалық халықтар дамуының негізгі жолы емес, тек мүмкін бір жолы ғана, - деп түсіндірілді.
- Гердер қоғамның өткенін, бүгіні мен болашағын «мәдениеттердің органикалық қозғалысының» теориясын жетекшілікке ала отырып түсіндіруге ұмтылды.

Гегель

- Тарихтан тарихи сананы бөлу туралы айтылғанда Гегельдің ілімі өз ролін атқарды. Гегель өзінің логикасында шындықтың өз-өзінен қозғалуы және өз-өзінен дамуы жөнінде идея айтып, шындықты ойлаумен теңестірді, диалектикалық үш заңды – идеалистік тұрғыдан зерттеп көрсетті:

1. Қарама-қарсылықтың бірілігі мен күресі заңын - дамудың негізгі қайнар көзі;
2. Санның сапаға айналу заңын - барлық болмыс қалай өзгертінін ашады;
3. Терістеуді терістеу заңын - өзгеріс қай бағытта болады деген сұраққа жауап береді, - деп көрсетті.

Гегель тарих философиясында:

- 1. Адамзаттың тарихын кездейсоқ оқиғалардың тізбегі немесе ұлы адамдардың өмірінің тарихы емес, заңды процесс деп көрсетті.
- 2. Географиялық ортаның рөлі жөнінде, экономика жөнінде, әлеуметтік таптардың күресі және басқалар жайында құнды идеялар айтты.
- 3. Мемлекеттің кемеліне келіп гүлденуі – ерікті жеке меншіктің дамуымен байланысты деп санады.

Гегель

- Гегельдің «Тарих философиясы бойынша дәрістері» арнайы, жүйеленген тарих философиясының түп бастауы болып саналады. Гегель XIX ғасырдың басында батыс еуропалық ойшылдары арасында бірінші болып философия мен тарихты біріктірді.
- Тарихта тек алдын ала болуға тиісті жағдайлар мүмкін деген позиция тұрғысынан Гегель тұтас тарихи философиялық концепциясын құрастырады. Осылайша Гегельдің ілімінде логика мен тарих «бірігіп» кетеді. Ақылға симаған фактілерді тарихқа кіргізіп қарастырудың қажеті жоқ. Тарихтың негізгі субъектісі абсолюттік ақыл, абсолюттің рух болып табылады. Түп мәнінде Гегель ұсынған теорияда христиандық тарих философиясының негізі жатыр. Тарихтың мәні бостандыққа қол жеткізуде. Көне шығыста бостандық бір адамда, көне грек және рим әлемінде, бостандық бірен саранда, ал германдық әлемде бостандық бұқарада, - деген ойлар айтады.

Карл Маркс

- Гегельдің атақты шәкіртінің бірі Маркс тарихи процесті диалектикалық әдіс арқылы шешуге тырысқан. Оның ілімі диалектикалық материализм деп аталған. Тарихты қарастырған кезде ол бес тарихи әрі экономикалық формацияларды ұсынған болатын. Яғни Маркстің ойы Гегельдің абсолюттік рухы емес адамзаттық тарих, қоғамдағы экономикаға негізделген таптық қарама-қайшылықтардың қоғамдағы сана арқылы белгілі болған материяның дамуы. Маркстың зерттеушілері оған экономикалық детерминист деп ат қойған. Маркс пен Энгельс қоғамды үнемі өзгерісте болады деп есептеген. Материалистік негізде тарих философиясын К.Маркс жетілдірді.
- XX ғасырда білімнің бұл саласына үлкен үлес қосқандар: К.Ясперс, А.Тойнби, У. Ростон. Марксизмнің әлеуметтік тұжырымдамасына сәйкес тарих өзінің материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыратын адамның практикалық іс-әрекетімен қалыптасады. Тарихтың негізі - қоғамның өндіргіш күштерінің дамуы.

А.С. Хомяков

- Орыс философиясы өкілдеріне келсек **А.С. Хомяков** өзінің «Записки о всемирной истории», «О старом и новом» деген еңбектерінде **Гегельдің** рационалдық тарих философиясына альтернативтік ойларын келтірген. Оның ойынша **тарихтың мәдени, географиялық** әрі **этникалық** орталығы болуы мүмкін **емес**. Тарихи қозғалыстың **екі «бастамасы»** болған: **ирандық** және **кушиттік**. Барлық елдер өз мәдениеттерін ирандық немесе кушиттік бағытта дамытқан. Сондықтан тарихта **«таза» ұлттар** әрі **«таза» діндер** болуы мүмкін **емес**, олардың барлығы бір бірімен араласып кеткен. Хомяковтың ойларында **Шеллинг** философиясының ықпалы байқалады.

Чаадаев, Данилевский, Соловьев

- Батыстықтар мен славянофилдердің арасында орын алатын П.Я. Чаадаевтың (1794-1856) шығармашылығын ерекше атап кету қажет. «Философические письма» секілді еңбектерді жазған П.Я. Чаадаев үшін мәдени-тарихи процесстің сакральдық мәні бар. Тарихи процесс шын мәнінде рухани процесс. Сондықтан, ресей тарихын сынаған кезде, П.Я. Чаадаев батысеуропалық елдердің дамығандығын католицизммен ұштастырған.
- ХІХ ғасырдың екінші жартысында орыс историософиясында славянофильдер мен батысшылдардың жалғасы ретінде Данилевскийдің мәдени-тарихи түрлер туралы ілімі пайда болған. Оның «Россия и Европа» (1869) деген еңбегі жалпы историософиялық ілімге көптеген әсерін тигізген. Бұл шығарма атақты Шпенглердің «Закат Европы» атты кітабінде көтерілген мәселелермен сабақтасады. Бұл еңбекте Данилевский европацентризмді, орыс дәстүрін жалғастыра отырып сынаған. Ол тарихи процессті бір қалыпта қарастыруға болмайды деді.
- Соловьевтің көзқарасына әсер еткен алғашқы славянофилдер мен Григорий Сковорода ілімдері. Соловьевтың ойынша адамзат тарихында үш тарихи әлем бар: мұсылмандық шығыс, батыстық өркениет және славяндық әлем. Тарихтың өзі рухани процеске жатады. Славяндық әлемнің тарихтағы орны ерекше. Оның атқаратын міндеті бір-біріне қарама-қарсы келетін батыс және мұсылман әлемдерін ұштастыру. Жалпы Соловьевтің тарихи-философиялық ойлары оның соңғы кезеңде жазылған «Три разговора» атты еңбегінде айтылған.

Л.Н. Гумилев

- Гумилевтің негізгі шығармасы «Этногенез и биосфера Земли» деп аталады. Ондағы басты идея адамзат тарихын жер бетінің, барлық ғарыштың, табиғаттың тарихынан бөліп қарастыруға болмайды. Дж. Вико көрсеткен «ұлттар тарихы» Гумилевтің ілімінде “этногенез” теориясына айналған. Гумилев этногенезде - этностардың пайда болуы пассионарлық жарылысқа байланысты, яғни күн бетінен жерге түскен радиациялық энергияға тәуелді, - деп көрсетеді. Бұл заңдылықты алғашқыда «Земное эхо солнечных бурь» атты еңбегінде А. Чижевский жазып кеткен. Бұған сәйкес тарихи, әлеуметтік төнкерістер күн бетіндегі процестерге тікелей қатысты.

К. Ясперс және А. Тойнби

- Философияның жеке бағыты ретінде тарих философиясы ХХ ғасырда толығымен қалыптасты. Оған **себеп** болған ХХ ғасырдағы **тарихи өзгерістер** мен **дағдарыстар** деп айтуға болады. ХХ ғасырдың ең маңызды ілімдердің авторлары **К. Ясперс** (1883-1969) пен **А. Тойнби** (1889-1975). **Ясперс** ұсынған **тарихи концепцияның** негізгі ұғымы **белдеулік уақыт (осевое время)** деп аталады. Осевое время (Т.Х.Ғабитовтың көрсетуінше «белдеулік уақыт») деп **Ясперс тарихтың белгілі кезеңін** атаған. Бұл кезең біздің дәуірімізден бұрын **жетінші** ғасырда басталып Христос дәуірінде аяқталады. **Оның белгісі** ретінде барлық **рухани, діни, ғылыми, философиялық** ілімдердің пайда болуын келтіреді. Мәдениеттің белгілі ошақтары Көне Үнді, Қытай және Грек елдері саналады.

К. Ясперс және А. Тойнби

- Ясперс үшін тарихтың өзі тұлғалардың шығармашылық қабілетінің нәтижесі. Тарихи тұлғалар алға ұмтылып, соңынын көпшілікті ерте жүреді. Тарихи тұлғалардың қатарына Ясперстің ойынша Христосты, Будданы, Конфуцийді, Пифагорды қосуға болады. Сондықтан тарихи процесті Ясперс адамның рухани өмірімен теңістірген. Ұқсас пікірді А. Тойнбидің ілімінде көруге болады. Табиғи өзгерістерге қарағанда тарихи өзгерістердің негізінде рухани процестер жатыр. Жекпе-жекке шақырғандай, әлемнің өзі адамдардың алдына мақсат қояды. Әрбір өркениет сол мақсатты орындауға талпынады. Бұл талпынысқа ілікпеген халықтар тарихтың тасасында қалып қояды. Жалпы XX ғасырдың тарих философиясының қойған негізгі мәселесі тарихтың және тіршіліктің коммуникативтік мәні.

Герберт Спенсер

- **Позитивисттік әлеуметтануға** келсек ағылшын философ-позитивісі **Герберт Спенсер** (1820-1903) эволюция идеясы тәріздес адамзат білімінің барлық саласын қамтитын философиялық жүйе жасауға талпыныс жасады. Өзінің философиялық жүйесін Спенсер **синтетикалық философия** деп атап, оған байланысты мына төмендегідей **еңбектер сериясын** жазады:
 - 1. **Негізгі бастау** – 1862ж.,
 - 2. **Биологияның қалыптасуы** – 1864-1867,
 - 3. **Психологияның қалыптасуы** – 1855, 1870-1872,
 - 4. **Әлеуметтанудың қалыптасуы** – 1876-1896.
- **Спенсер әлем дамуының негізі эволюция** деп есептеді. Эволюцияға «материя мен оған қоса-қабат жүретін бей-берекет қозғалыс интеграциясы» деген анықтама берді.
- Қоғам дамуының тарихында **Спенсер** үш кезеңді ажыратты.
 - 1-кезең: ру-тайпалық қоғам,
 - 2-кезең: ерте таптық қоғам,
 - 3-кезең: индустриалдық қоғам.

Риккерт пен Виндельбанд

- Жаңа кантшыл Риккерт пен Виндельбанд тарих – рух туралы ғылымның бір түрі, табиғат туралы білімнен, философиядан да, әлеуметтанудан да айырмашылығы бар идеографиялық білім, - деп көрсетті.
- Ғылым мен тарих арасында екі айырмашылықтың, біріншісі, ойды жинақтау және жекелеу арасын көрсетуде, екіншісі – бағалау және бағалау емес ой дифференциациясында. Олар аталғандарды жинақтап, ғылымды 4 түрге бөлді:
- *бағаламайтын және жинақтайтын*, немесе таза жаратылыстану ғылымы,
- *бағаламайтын және жинақталмайтын* квазитарих,
- *бағалайтын және жинақтайтын* – квазиғылыми тарихи білімдер, мысалы, әлеуметтану және экономика,
- ***бағалайтын және индивидуалдандыратын ғылым немесе тарих.***
- Сонымен ғылымның 4 түрі біртұтас шкаланы жасайды, оның бір бағыты абстрактылы ойлаудың шегі болса, екіншісі жеке қалпында реалды білімнің шектеулі жағдайы болды.

Риккерт пен Виндельбанд

- Риккерт тарихи заңдардың бар екендігін де тарих ғылымының оны түсінуге қабілетті екендігін де жоққа шығарды. Тарих жалпыны емес жекені зерттеуі керек. Сөйтіп неокантшылар тарихи танымды субъективтіліктің шегінен шығаруды көздеген жаңа ілімді жасауға ұмтылды. Виндельбанд жіктеуінде діни түсінік жоғарғы бағаға ие болды. Осыдан соң барып екінші орын эстетикалық, этикалық, логикалық құндылықтарға берілді.

ГЕНРИХ РИККЕРТ

Генри Риккерттің жеке өзіне тоқталайық. Б.Сатершинов аударған «Тарих философиясы» деген еңбегінде Г.Риккерт: Егер жекелеген тарихи ғылымдар тарихи өмірдің ерекше салаларымен айналысса, ал тарих философиясының міндеті олардың қол жеткізген нәтижелерін жинау, оларды тұтастай, құрылымды бір кескінге біріктіру, бүкіл тарихи өмірдің жалпы шолуын беру болып табылады.

Осылайша, өзінің осы бірінші мағынасында тарих философиясы жалпы немесе «бүкіләлемдік» тарихты (I Iniversalgeschichte) білдіреді, - деп көрсетті.

ГЕНРИХ РИККЕРТ

- «Тарих дегенде өтіп кеткен **шынайылықтың өзін емес, осы өткен шынайылықтың бейнесін** немесе тарихи ғылымды ұғына отырып, біз, ақырында тарих философиясының үшінші түсінігіне ие боламыз. Бұл соңғы ұғым жалпы философияның міндеттеріне қатысты сан мәрте айтылған көзқарастармен тығыз байланыста болады, оған сәйкес **философия**, әсіресе **теориялық философия заттардың өзі**мен емес, **заттар туралы біліммен** айналысады. Осылайша, **тарих философиясының** астарынан сондай-ақ **тарихи таным туралы ғылымды** тауып алуға болады, одан осы сөздің кең мағынасындағы **логиканың бір бөлігін** көруге болады», - деген тұжырымдар жасады.

ГЕНРИХ РИККЕРТ

- Риккерт үш бірдей заңды ғылымдарды бөліп көрсетті: бұл –
- жалпы тарих
- тарихи өмірдің ұстындары туралы ілім
- тарих ғылымының логикасы (қисыннамасы).
- Олардың барлығының да тарих философиясы деп аталуына бірдей құқықтары бар, - деді.